

## Облыстағы кейбір ауылдық округтер мен ауылдардың атауын өзгерту туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2007 жылғы 29 наурыздағы N 37-276 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 наурыздағы N 66 қаулысы. Алматы облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 8 мамырда N 1983 тіркелген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабындағы 4-тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төмендегі ауылдық округтер мен ауылдардың атауы:

- 1) Ескелді ауданындағы Целинный ауылдық округі және Целинное ауылының атауы Ақын Сара ауылдық округі және Ақын Сара ауылы;
- 2) Ескелді ауданындағы Малогоровка ауылы атауы Бөктерлі ауылы;
- 3) Ескелді ауданындағы Қызыл Октябрь ауылының атауы Өркүсак ауылы;
- 4) Жамбыл ауданындағы Фабричный ауылдық округінің және Фабричный ауылының атауы Қарғалы ауылдық округі және Қарғалы ауылы;
- 5) Жамбыл ауданындағы Қарасу ауылының атауы Сарыбай би ауылы;
- 6) Қаратал ауданындағы Бірінші Май ауылдық округінің атауы Айту би ауылдық округі және Бірінші Май ауылының атауы Көкпекті ауылы;
- 7) Қаратал ауданындағы Елтай ауылының атауы Қаражиде ауылы;
- 8) Қаратал ауданындағы Достижение ауылының атауы Көкдала ауылы;
- 9) Ұйғыр ауданындағы Бөдеті ауылының атауы Кепебұлақ ауылы болып өзгертілсін

2. Ескелді, Жамбыл, Қаратал, Ұйғыр аудандарының әкімдері белгіленген тәртіппен о с ы ш е ш і м д і о р ы н д а с ы н .

3. Облыстық статистика басқармасы (Б. Төлепбаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерін есепке алу мен тіркеуіне өзгерістер енгізсін.

4. Осы шешім мен қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. М ұ қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

5. Осы шешім мен қаулы алғаш рет жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Алматы облысының әкімі*

*мәслихатының хатшысы*

*А л м а т ы о б л ы с т ы қ*

*А л м а т ы о б л ы с т ы қ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК